



MNU Annual Legal Conference – 2024

**атты Республикалық ғылыми-практикалық
конференциясының материалдар жинағы**

**сборник материалов республиканской
научно-практической конференции**

**Астана
12 апреля 2024 года**

ISBN 978-601-7450-72-4

УДК 34

ББК 67

М77

Рекомендовано к изданию решением Комитета по науке
Университета КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева (протокол № _ от 1 июня 2024 г.)

Ответственные редакторы:

Абдель Мотгалёб М., м.ю.н., Teaching & Research Assistant

Айменов Н., м.ю.н., PhD doctorate, Senior Lecturer

Әлекбай Ж.Қ., м.ю.н., PhD doctorate, Senior Lecturer

Котерлин О., м.ю.н., Senior Lecturer

Редакционная коллегия:

Абылайұлы А., PhD, Assistant Professor

Аубакирова И.У., д.ю.н., Associate Professor

Бабаджаниян Е.Л., м.ю.н., PhD candidate, Adjunct Assistant Professor

Дидикин А.Б., д.фил.н., Associate Professor

Мельник Р.С., д.ю.н., Professor

Лютов Н.Л., д.ю.н., Associate Professor

Жұмағали А.Қ., PhD, Assistant Professor

Хасенов М.Х., PhD, Associate Professor

Материалы Республиканской научно-практической конференции «MNU Annual Legal Conference – 2024», представляющей собой возрождение научно-практических конференций, традиционно проводимых в стенах Университета КАЗГЮУ, посвящены тридцатилетию со дня основания Maqsut Narikbayev University.

Доклады конференции охватывают актуальные проблемы следующих отраслей права:

1. Общее и специальное административное право;
2. Гражданское право и процесс;
3. Трудовое право;
4. Конституционное право;
5. Теория и философия права;
6. Уголовное право и процесс;
7. Международное право и право конкуренции.

Издание предназначено для широкого круга читателей, проявляющих интерес к актуальным проблемам развития юридической науки, новым методологическим подходам к современным вопросам и текущим тенденциям правовой реальности.

СОДЕРЖАНИЕ

ОБЩЕЕ И СПЕЦИАЛЬНОЕ АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО	5
ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ В НАЛОГОВОМ АДМИНИСТРИРОВАНИИ РК	5
БЫТОВОЕ НАСИЛИЕ В КОНТЕКСТЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА В КАЗАХСТАНЕ: ТЕОРЕТИКО-ПРАВОВЫЕ И НОРМАТИВНО - ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ.....	12
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ПРАВО	22
ЧАСТИЧНЫЙ ОТКАЗ ОТ НАСЛЕДСТВА: ПРАВОВАЯ ПРОБЛЕМАТИКА И ПОСЛЕДСТВИЯ	22
КРИПТОТОКЕНЫ КАК ОБЪЕКТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ	31
ЮРИДИЧЕСКИЕ И ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РЕБРЕНДИНГА В КАЗАХСТАНЕ	42
ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРЕДДОГОВОРНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	48
УКЛОНЕНИЕ ОТ ОБЯЗАННОСТЕЙ ПО СОДЕРЖАНИЮ	59
КАК ОСНОВАНИЕ ДЛЯ ОТСТРАНЕНИЯ ОТ НАСЛЕДОВАНИЯ.....	59
ПРАВОВАЯ ПРИРОДА ВИРТУАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ. АНАЛИЗ СКВОЗЬ ПРИЗНАК БЕСТЕЛЕСНОСТИ	69
КРИТЕРИИ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ УСЛОВИЙ В СДЕЛКАХ ПОД УСЛОВИЯМИ	79
ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ СВЯЗИ В СУДЕБНЫХ ЗАСЕДАНИЯХ В КОНТЕКСТЕ ПРИНЦИПОВ ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА	86
АДАПТАЦИЯ ИНСТИТУТА НАСЛЕДОВАНИЯ К ЦИФРОВОЙ РЕАЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРАВОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА.....	94
ОДНОСТОРОННИЕ ВОЛЕИЗЪЯВЛЕНИЯ В НАСЛЕДСТВЕННЫХ ПРАВООТНОШЕНИЯХ	103
ТРУДОВОЕ ПРАВО	109
АНАЛИЗ РЕШЕНИЙ МЕЖДУНАРОДНЫХ СУДЕБНЫХ ОРГАНОВ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА ПО ВОПРОСУ ДИСКРИМИНАЦИИ В ОБЛАСТИ ТРУДА И ЗАНЯТИЙ	109
КОНСТРУКЦИЯ РАСТОРЖЕНИЯ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА И КОНЦЕПТУАЛЬНОСТЬ ДИСЦИПЛИНАРНЫХ ВЗЫСКАНИЙ.....	116
ПРАВОВОЙ СТАТУС ПЛАТФОРМЕННЫХ ТРУДЯЩИХСЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	125
ЮРИДИЧЕСКИЙ ПОНЯТИЙНЫЙ АППАРАТ, СВЯЗАННЫЙ С НАСИЛИЕМ И ДОМОГАТЕЛЬСТВАМИ В СФЕРЕ ТРУДА	132
ПРОБЛЕМЫ СУДЕБНОЙ ПРАКТИКИ ПРИ УВОЛЬНЕНИИ РАБОТНИКА ПО ПП.2 П.1 СТАТЬИ 52 ТРУДОВОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	144

СУДЕБНАЯ ПРАКТИКА О ПРИЗНАНИИ ЗАКОННОСТИ ЗАБАСТОВОК В КАЗАХСТАНЕ: СООТНОШЕНИЕ С МЕЖДУНАРОДНЫМИ ТРУДОВЫМИ СТАНДАРТАМИ.....	155
ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ ЗА СОБЛЮДЕНИЕМ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	164
КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО	180
ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА НА СВОБОДУ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ...	180
ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯ ПАРЛАМЕНТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ И ВОЗМОЖНОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	186
ОСОБЕННОСТИ КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ЦЕНЗА В РК	195
ОПЫТ ЭСТОНИИ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ И ЕГО ПРИМЕНИМОСТЬ К КАЗАХСТАНУ	204
СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА	215
ПРОБЛЕМЫ КОНВЕРГЕНЦИИ ПРАВОВЫХ СИСТЕМ.....	225
ТЕОРИЯ И ФИЛОСОФИЯ ПРАВА	232
ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ	232
ЕДИНСТВО ПЕРВИЧНЫХ И ВТОРИЧНЫХ ПРАВИЛ КАК НЕОБХОДИМОЕ УСЛОВИЕ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ.....	246
ПРАВОВЫЕ АКСИОМЫ И СМЕЖНЫЕ ПРАВОВЫЕ ИНСТИТУТЫ: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ.....	253
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС	263
ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДА ҚАЛДЫРУ ҚҰРАМЫ: ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ СУБЪЕКТ МӘСЕЛЕСІ	263
ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ АСПЕКТІЛЕРІ.....	270
ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ.....	276
МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО И ПРАВО КОНКУРЕНЦИИ.....	283
ДОСТУПНОСТЬ ТЕКСТОВ МЕЖДУНАРОДНЫХ ДОГОВОРОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: АНАЛИЗ, ОЦЕНКА И ПРЕДЛОЖЕНИЕ	283
АГЕНТСТВО ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАК ОРГАН РАЗВИТИЯ КОНКУРЕНТНОГО ПРАВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ВЫЗОВЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ	293
ВЛИЯНИЕ ПРАВОВОГО РЕЖИМА СЭЗ «АСТАНА-НОВЫЙ ГОРОД» НА КОНКУРЕНТНУЮ СРЕДУ НА РЫНКЕ СТРОИТЕЛЬСТВА.....	305
ЗАЩИТА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ: МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ	318

Әбдеш Медина
«Құқық қорғау органдарының қызметі» мамандығының 2 курс студенті
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Email: abdesmedina05@gmail.com

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы түсінік пен оның қалай қалыптасқандығы қарастырылған. Мақала тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамға қауіптілік деңгейін айқындайды. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтан туындайтын салдарлар және статистикаға шолу жасайды. Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңдармен, осы тақырыпқа байланысты ұсыныстар қарастырылады. Жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғам өміріндегі рөлін көрсетеді.

Кілт сөздер: тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасы, ерлі-зайыптылар, жәбірленуші, қоғам, құқық, жанжал, тәрбие, дағдарыс, дау.

Кіріспе

Отбасы- бұл шағын мемлекет, қоғамның ең басты іргетасы. Тәрбиенің алғашқы сабағын бала адамгершілік, мейірімділік қасиет пен тәрбие беру ісінің негізі қаланатын отбасынан алады. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет- ғұрыптар, қазақ халқының мәдениетімен қоса жақсы қасиеттерді бала отбасында қалыптастырып, бойына сіңіреді. Отбасы - ерлі-зайыптылар арасындағы, балалары мен ата-анасы арасындағы қарым-қатынастар негізінде құрылатын қоғамның қарапайым ғана алғашқы ұяшығы.⁴⁹¹ Отбасындағы туындайтын жанжалдар, ұрыс-керістердің соңы көп жағдайда қылмыспен, заң бұзушылықпен аяқталып жатады. Олардың шешімін табу- мемлекеттің міндеті. Себебі кішкене ғана даудан жан түршігерлік қылмыстар орын алып, жәбірленушінің заңмен негізделген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келіп жатады. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын заң арқылы қорғауына құқығы бар. Ең бастысы- заңның әділ түрде орнауы.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - бұл әлем елдерінде бейім алып жатырған, көпті алаңдататын қоғам дерті. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған қаншама тағдырлар сынды? Қаншама балалар ата-анасының арасындағы жанжалдан жапа шекті? Қаншама неке мен отбасылар бұзылды? Қандай себеппен туындайды? Қалай шешімін табуға болады? Осындай көптің көкейін тесетін сұрақтар өте көп. Көбінесе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жәбірленушісі- әйел адамдар. Агрессор ер адамдардың күш көрсетуі, психологиялық, экономикалық қысым көрсетулерінен туындайтын бұл проблеманың шешімін табу- мемлекет үшін, қоғам үшін, жас отбасылар үшін, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккен жәбірленушілер үшін өте маңызды. Бүкіл әлемде әрбір үшінші әйел өмірінде кем дегенде бір рет физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.⁴⁹² 21 ғасыр -

⁴⁹¹ Құқық негіздері- Ибраева А.С., Гончаров С.Б., 2019, қаралған күні: 03.03.24

⁴⁹² «Бірлескен Мәлімдеме Халықаралық әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою күніне және гендерлік зорлық- зомбылыққа қарсы белсенді іс-әрекеттердің 16 күнінің басталуына орайластырылған» - URL: [Бірлескен](#)

дамыған заманда өмір сүреміз десекте, әйел адамдардың құқықтарының тапталуы, кейбір адамдардың олардың абыройы мен қадір қасиетін төмендетуі әлі де өз жалғасын тауып келе жатыр. «Әйел бейнесі- қоғам бейнесі», - демекші мемлекетіміздің аруларының құқығының тапталуы, олардың қорлық көруі - ел қасіреті. Әр халық әйел адамға әркез сыйластықпен және мейіріммен қарауы тиіс. Себебі әйел адам - әр шаңырақтың шамшырағы, құт-берекесі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымына түсінік

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)⁴⁹³

Жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылық бірнеше түрлі формаға ие. Олар: күш көрсету, психологиялық, экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болады.

- Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денсаулыққа қасақана зиян келтіру.
- Психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету. Мысалы: қорқыту, қорлау, бопсалау немесе жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу, ар-намысы мен абыройын кемсіту.
- Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әр формасы да жәбірленушінің өмірі, денсаулығы мен бостандығы үшін қауіпті. Көп жағдайда отбасылық өмірде ер адамдар тарапынан өз жұбайына деген сыйластықтың жоқтығы, әйелдеріне қол көтеріп, балағаттап, тіпті үйінен қуып шығатын кездері орын алып жатады. Психологтар осындай көрініске бірнеше факторлардың әсер ететіндігін анықтады. Мәселен балалық шақта туындайтын психологиялық әсер, яғни кішкентай баланың өзінің қоршаған ортасынан, көптеген жағдайда ата-анасынан керекті назарды ала алмауы, ата-анасының немесе біреуінің балаға жаман әсер етуі, қол көтеріп, психикасына зиян келтіруі. Осының салдарынан бала өсе келе қол көтеру, балағаттау немесе т.б. адамның қадір қасиетін қорлайтындай әрекеттерді «жаман әрекеттер» қатарына қоспайды. Бұндай әрекеттерді үйреншікті құбылыс ретінде қабылдай бастайды. Осыдан тұрмыстық зорлық-зомбылық туындайды. Келесі фактор ішімдікке және психотроптық заттарға тәуелділік. Бәріміз білетіндей алкоголь және психотроптық заттардың (наркотика) әсерінен адам өз әрекетіне жауап бере алмайды. Осындай жайттардың кесірінен отбасында жанжал туындайды, соңы бәрімізге белгілі заң бұзушылықпен аяқталады. Соңғы фактор агрессия мен стресстің жоғары деңгейде болуы. Стресс пен агрессияға түскен адам өз ашуын өзінен әлсіз адамнан алады. Әдетте зардап шегушілер- әйел адам, балалар мен қарттар. Бұл тұста балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылыққа назар аударатын болсақ өзара байланысқа куә боламыз. Кішкентай бала отбасында орын алып жатырған оқиғаларды көріп өседі, өзіне де «таяқтың бір ұшы» тиіп жатады. Осының әсерінен ол есейе келе көргенін қайталайды, бұл әрекеті үшін кінәсін сезінбейтін болады. Демек бұл құбылыс (тұрмыстық

[Мәлімдеме Халықаралық әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою күніне және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-әрекеттердің 16 күнінің басталуына орайластырылған | United Nations Development Programme \(undp.org\)](#), қаралған күні: 03.03.24

⁴⁹³ Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңы – 04.12.2009, URL: [Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](#), қаралған күні: 03.03.24

зорлық-зомбылық) белгілі факторлар айналасында қайталанып отырады. Соңында қоғам бұндай әрекеттерді нормаға айналдырады. Егер сөздің турасын айтатын болсақ қоғамда бұл әрекеттер нормаға айналып кетті. Оның дәлелі ретінде қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушілердің бұл туралы жария етіп айтуын «ұят» санауын, осындай жағдайлар орын алған кездерде әйел адамды, яғни жәбірленушіні кінәлі деп тануын келтіре аламыз. Көбінесе әйел адамдар отбасын сақтап қалу үшін, балалары үшін өзіне көрсетіліп отырған қысымдар туралы ешкімге айтпайды. Оның себебі қоғамда бұндай жайттарды жария қылып айтуды «ұят» нәрсе деп санауы. «Жанұя болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген есеппен зардап шегуші заң бұзушылыққа, өз құқықтарына көз жұмып қарайды. Әрине, отбасында түсініспеушіліктер мен ұрыстар болып тұрады. Дегенмен олардың шектен тыс көп болуы, физикалық күш көрсетілуі- құқық бұзушылық болып табылады. Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үлкен бір дағдарысқа айналып отыр. ҚР Мемлекет басшысының айтуынша, статистика көңіл көншітпейді. «Соңғы екі жарым жылда үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген. Осындай құқық бұзушылықтар бойынша 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды», - деді президент ішкі істер министрлігінің алқа мәжілісінде. Президент көптеген әлеуметтік кеселдің түп тамыры, соның ішінде қылмыс көбінесе тұрмысы нашар отбасылардан бастау алатынын атап өтті.⁴⁹⁴ Бұл тек бізге белгілі болған фактілер. Ал өз отбасын сақтап қалу үшін сотқа шағымданбаған адам саны қаншама?

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты заңдар

ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.» болып табылады. Сонымен қатар, 17-бап бойынша «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.»- деп танылады.⁴⁹⁵ Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа кінәлі адамдар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 73-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.⁴⁹⁶ Ал олардың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болған кезде олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 105 (өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу), ҚР ҚК 106 (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру), 107 (денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру), 110 (қинау), 115 (қорқыту), 131-баптарына (қорлау) сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылады.⁴⁹⁷ Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы қабылданған Заңыда бар. Бұл заң мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың

⁴⁹⁴ «Қазақстанда екі жарым жылда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 300 адам көз жұмған – Тоқаев» - URL: [Қазақстанда екі жарым жылда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 300 адам көз жұмған - Тоқаев - 30.06.2023, Sputnik Қазақстан](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000), қаралған күні: 03.03.24

⁴⁹⁵ Қазақстан Республикасының Конституциясы – 30.08.2014, URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>, қаралған күні: 03.03.24

⁴⁹⁶ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі – 05.07.2014, URL: [Әкімшілік құқық бұзушылық туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000), қаралған күні: 03.03.24

⁴⁹⁷ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 03.07.2014, URL: [Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000), қаралған күні: 03.03.24

және Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Қазақстан Республикасында осындай заңдар арқылы реттелетін тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттерінің әлі де өршіп тұруы қатты алаңдатады. Оның басты себебі- қоғамда қалыптасқан белгілі бір «норманың» салдары деп білемін. Белгілі бір норма жоғарыда айтып өткендей: жәбірленушінің өз құқықтарын қорғауын ұят есебіне алу, олардың өздерін отбасын сақтай алмағаны үшін кінәләу, «отбасылық дауларға, қол көтеруге өзің итермеледің» деп балағаттауды жатқызамын. Бұл әйел адамдарға қатысты «норма». Ал балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылық әрекеттерін қоғамда «тәрбиелік шарасы» ретінде қарастырады. Осындай тәрбиелік шараларының кесірінен зорлық-зомбылық қалыпты процеске айналады. Балалардың психикасы бұзылып, өз ата-анасының тағдырын қайталайды.

Қарттарға көрсетілетін тұрмыстық зорлық-зомбылық

Сондай-ақ отбасылық қарым-қатынастарда қарттарға да тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетіледі. Бүгінгі таңда қарттарға көрсетілетін тұрмыстық зорлық-зомбылық физикалық немесе психологиялық түрде кең тараған. Жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бұл түрі отбасылық қарым-қатынас аясында пайда болатын бір реттік немесе қайталана беретін әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Қарт адамдарға көрсетілетін психологиялық және физикалық тұрғыдан зиян келтіретін әрекеттерге немесе әрекетсіздіктерге: қараусыз қалдыруды, қаржылық тұрғыдан қинауды, қадір-қасиетін қорлауды, қажеттіліктерін елемейді жатқызамыз. Еліміздің егде буынына қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың орын алуы- мемлекеттің, қоғамның маңызды мәселесі болып табылады. Осы мәселе аясында сенімді деректердің шектеулі болуына қарамастан, 2017 жылы жүргізілген талдау барысында 60 жастан асқан әрбір алтыншы (15,7%) адам тұрмыстық зорлық зомбылықтың қандай да бір түріне ұшырағаны анықталған.⁴⁹⁸ Осындай қынжылтатын фактілердің қоғамда орын алуы барлық адамзаттың құлдырауына әкеп соғатын басты себеп. Өзінің туған ата-анасына немесе ата-анасымен жасты қарт адамға қол көтеру, қадір-қасиетін, абыройлы атын қорлауды- адамгершілікке мүлде жатпайтын қатігездіктің ең жоғарғы деңгейі деп санаймын.

Ер адамдарға көрсетілетін тұрмыстық зорлық-зомбылық

Қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ер адамдарға да көрсетілетін фактілері кездеседі. Бұндай жағдайлар сирек кездесе де, оларды «мүлде болмайды» деп тану қате ұғым. Көбінесе ер адамдар тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерін жасырады. Себебі қоғам бұны «әлсіздік, намыссыздық» деп санайды. Патриархалдық тәртіпте өмір сүретін қоғамда ер адамды- мықты, өз-өзіне сенімді, қайратты, әйел адамға қарағанда күштірек деген образды қалыптастырады. Соның кесірінен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған ер адамдар сотқа немесе психологтың көмегіне ұялып, намыстынып жүгіне алмайды. Бұл да бір елімізде қалыптасып отырған «норманың» кесірі болып табылады.

Мемлекетімізде болып жатырған дәл осындай ситуациялар мемлекеттің болашағы үшін өте қауіпті. Көпке топырақ шашпаймын, дегенмен қоғамның 50-60% осындай оймен тұрмыстық зорлық-зомбылық дағдарысын жалғастыруда.

⁴⁹⁸ «Жестокое обращение с пожилыми людьми» - URL: [Жестокое обращение с пожилыми людьми \(who.int\)](http://who.int) , қаралған күні: 03.03.24

Қорытынды

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылық – мемлекет тағдыры үшін аса маңызды және үрей туғызатын мәселе екенін айтқым келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек әйелдерге ғана емес, сондай-ақ балаларға, қарттарға, ер адамдарға да көрсетілетініне көзіміз жетті. Бұл еліміздің болашағы үшін нақты әрі дұрыс шешімді талап ететін мәселе болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық дүниежүзі елдерінде әртүрлі формада, әртүрлі жағдайларда қалыптасып жатқан процесс. Онымен күресу, алдын-алу, қажетті заң санкцияларын ұйымдастыру - біздің борышымыз. Себебі тұрмыстық зорлық-зомбылық, ең алдымен адам құқықтары мен бостандықтарын шектейтін, оларға нұқсан келтіретін, оларды жоятын құқық бұзушылық түрі. Ендігі кезекте осы мәселені қорытындылай отырып, бұл дағдарыспен күресу жолдарында өзімнің бірнеше ұсыныстарымды жеткізгім келеді.

Ұсыныстар:

-Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы профилактикалық шаралар ұйымдастыру; Халыққа бұл мәселенің маңыздылығын, қауіптілігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын түсіндіру;

-Жәбірленушілерге экономикалық қысым жасалған кезде, оларды қорғау және көмек көрсету мақсатында ашылған бөлімшелердің әрбір қалада кем дегенде 3 бөлімшеден болуы; Бұндай бөлімшелердің әйел адамдар үшін де, ер адамдар үшін де ашылуы өзара теңдікті және тәртіпті сақтайды. Сондықтан осындай бөлімшелердің аз болмауын және әйелдерге де, ер адамдарға да арнап ашылуын қамтамасыз ету керек деп ойлаймын.

- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен тұлғаларға, әсіресе жәбірленушінің балаларына және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған балаларға психологиялық көмекті тегін көрсету;

- Заң бұзушылық жасап, жәбірленушінің құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірген тұлғаларды қатаң түрде жазалау керек. Болашақта дәл сондай қылмыстар жасамас үшін, оларды жасаған әрекеттерін толықтай түсінуіне мүмкіндік жасау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құқық негіздері- Ибраева А.С., Гончаров С.Б., 2019
2. «Бірлескен Мәлімдеме Халықаралық әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою күніне және гендерлік зорлық- зомбылыққа қарсы белсенді іс-әрекеттердің 16 күнінің басталуына орайластырылған» - URL: [Бірлескен Мәлімдеме Халықаралық әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою күніне және гендерлік зорлық- зомбылыққа қарсы белсенді іс-әрекеттердің 16 күнінің басталуына орайластырылған | United Nations Development Programme \(undp.org\)](#) (Қаралған күні: 03.03.24)
3. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңы – 04.12.2009, URL: [Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](#) (Қаралған күні: 03.03.24)
4. «Қазақстанда екі жарым жылда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 300 адам көз жұмған – Тоқаев» - URL: [Қазақстанда екі жарым жылда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 300 адам көз жұмған - Тоқаев - 30.06.2023, Sputnik Қазақстан](#) (Қаралған күні: 03.03.24)
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы – 30.08.2014, URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (Қаралған күні: 03.03.24)

6. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі – 05.07.2014, URL: [Әкімшілік құқық бұзушылық туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](#) (Қаралған күні: 03.03.24)
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 03.07.2014, URL: [Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](#) (Қаралған күні: 03.03.24)
8. «Жестокое обращение с пожилыми людьми» - URL: [Жестокое обращение с пожилыми людьми \(who.int\)](#) (Қаралған күні: 03.03.24)